# Жаңа чемпионның есімі – Даниял ТАБЫЛДИНОВ



**Қаламыздағы Республика чемпиондарының қатары тағы бір есіммен толықты.**

Республика жеңімпазын қалалық теміржол вокзалынан Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің директоры Рүстем Асанханұлы бастап, Даниялдың жаттықтырушылары мен жақындары қуанышпен қарсы алды. - 2004 – 2005 ж. т. жасөспірімдер арасында қазақ күресінен Республика чемпионаты өтті. Жарысқа 14 облыс пен 3 қаладан барлығы 450-ге жуық спортшы келді. Жарыс нәтижесінде шәкіртіміз Даниял ТАБЫЛДИНОВ 46 келіде 1 орынды жеңіп алды,-дейді Арқалық БЖСМ жаттықтырушысы Сайлау РЫЗДЫҚОВ.

Абай Құнанбаев атындағы № 6 мектебінің 8 сыныбында ғана оқитын қаршадай ұлдың алға қойған мақсаты үлкен. – Чемпионатта 6 қарсыласым болды. Соның барлығын жеңіп шықтым. Осындай жетістігім үшін Арқалық БЖСМ жаттықтырушыларына, ата – анама алғысымды айтамын. Болашақта бұдан да үлкен биіктерден көрінгім келеді,- дейді ол. Алға қойған мақсатына жетуіне біз де тілектеспіз!



# Республика жеңімпаздары тағы бір есіммен толықты

**Арқалық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі кезекті Республика жеңімпазын дайындап шығарды. Оның есімі – Әлихан ҚҰЛАНБАЕВ.**

Он екі жасар Әлихан Абай Құнанбаев атындағы №6 мектептің оқушысы. Жуықта спортшымыз КСРО –ның Халықаралық дәрежедегі спорт шебері Мереке ЖҮСІПОВТЫҢ жүлдесі үшін 17-ші мәрте өткізілген Республикалық турнирге аттанған болатын. Көкшетау қаласында ұйымдастырылған бәсекеде ол қарсыластарының бәрінен айласын асыра біліп, Республика жеңімпазы атанды. – Жарысқа екі спортшымыз қатысқан болатын. Ол жерде Әлихан ҚҰЛАНБАЕВ есімді шәкіртіміз 30 келі салмақта 1 орынға ие болды. Көкшетау, Атбасар, Орал қалаларынан барған қарсыластарының барлығынан басым түсті,- дейді Әлиханның жаттықтырушысы Марат СЕЙТМАҒАНБЕТОВ.

Айта кетсек, Республикалық турнирге еліміздің барлық облысынан және көршілес Ресей Федерациясының Омбы қаласынан – 166 спортшы қатысқан.

«А. Х.»